

Педагогикалық кеңестің хаттамалары

№1 хаттама. Жаңа оқу жылы

Өткізілген орны: "Алина" бөбекжай-бақшасы»

Өткізілген күні: 29.08. 2024 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 12 адам

Қатысқаны: 12 адам

Қатыспағандар саны: жоқ

Қатысқандар: Бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Е.Тургунбекова, әдіскер, медбике, шаруа меңгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері

Педкеңестің басталуы: 13.00.

Жұмыстың аяқталуы: 14.30.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Алдыңғы өткен педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.

2. Жазғы сауықтыру нәтижелері.

3. 2024- 2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау:

- мектепке дейінгі ұйымды дамытудың негізгі басымдықтарын талқылау;

- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруды ұйымдастыру;

- педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау: жаңа тәртіп пен біліктілік санаттары;

- балалардың кешенді қауіпсіздігі стратегиясы, педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек?

4. Бекіту:

- вариативті, жеке, бейімделген даму бағдарламалары, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, күн тәртібі;

- педагогтердің перспективалық жоспарларын қарастыру және қабылдау;

- 2024-2025 оқу жылына педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру жоспарлары;

- жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасын, хатшысын таңдау;

- аттестаттау комиссиясының мүшелерін таңдау;

5. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау.

Қаулылармен таныстыру 15 минут. Жарыссөзге шығу 15 минут. Анықтама беру 15 минут.

Жалпы уақыт: 1 сағат 30 минутта кеңес отырысын аяқтау

Сөйледі: Педагогикалық кеңесті бөбекжай-бақша меңгерушісі

Тургунбекова Акмарал Есіркепқызы ашып беріп, педагогикалық қызметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе өткен педкеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат беріп, шешімдері орындалғанын айтты. Күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері Куралбаева Дильбара Усерқызы сөйлеп, Жазғы сауықтыру нәтижелері туралы айтты. Жаз мезгіліне арналған жұмыс жоспары, ойын – сауық жоспарлары және күнделікті ұйымдастырылған іс – әрекеттер талапқа сай жүргізілгенін айтып өтті. Сонымен қатар әр түрлі жаздық ойын-сауықтардың және бассейнге шомылғандары балаларға көтеріңкі көңіл – күй сыйлады деп сөін аяқтады.

Жарыссөзге шыққандар: бөбекжай-бақша медбикесі Абилдаева Қымбат сөйлеп, балалардың денсаулықтарын шыңдау мақсатында шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу, дозаланған күн ванналары, жазғы бассейнге суға шомылу, сумен шайыну, аяқты шаю, массаж жолдарымен жаяу жүру, өзіне массаж жасау, ауа ванналары, терезені ашып қойып ұйықтау, ауызды және тамақты шаю, ауыз-су ішу режимі, тыныс алу жаттығулары және т.б. шынықтыру шаралары жүргізілгені туралы айтты.

Тыңдалды: Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есіркепқызы сөйлеп, бөбекжайдың 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Жылдық жоспардың мақсат, міндеттерімен және атқарылатын оқу тәрбие жұмыстарының мазмұнымен, ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттерін, ертеңгіліктердің, баяндама, кеңестермен таныстырып, айтып өтті. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымды дамытудың негізгі басымдықтары, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруды ұйымдастыру, педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау, жаңа тәртіп пен біліктілік санаттары, балалардың кешенді қауіпсіздігі стратегиясы, педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек сияқты мәселер қаралып, жүзеге асыру жолдары туралы талқыланды.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер Куралбаева Дильбара Усерқызы сөйлеп, вариативті, жеке, бейімделген даму бағдарламалары, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, күн тәртібі, педагогтердің перспективалық жоспарлары, 2024-2025 оқу жылына педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру жоспарлары, жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасын, хатшысын таңдау, аттестаттау комиссиясының мүшелерін таңдау туралы айтып, таныстырды. Жаңа оқу жылында тәрбиеші Баимбетова Алтынай Сеиткуловнаның біліктілік санатының мерзімі 2025 жылы сәуір айында аяқталатын болғандықтан, тәрбиеші Баимбетова Алтынай Сеиткуловнадан өтініш түскенін айтты.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Шекербекова Сауле сөйлеп, педагогикалық кеңестің төрайымына меңгеруші Тургунбекова Акмарал Есіркепқызын, хатшылыққа әдіскер Куралбаева Дильбара Усерқызын ұсынды. Бұл ұсынысты педагогтар түгел қолдады.

Тыңдалды: Күн тәртібінде қаралатын бесінші мәселе бойынша бөбекжай-бақшаның меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есіркепқызы сөйлеп, ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарымен таныстырды. Жылдағыдай жоспар бойынша ата-аналар жиналыстары, дөңгелек үстелдер,

пікір алмасулар, ашық есік күндері және бірлескен іс – шаралар өткізілетінін айтып, биылғы оқу жылындағы басымдық балабақша жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастыру қажеттігі туралы сөйледі. Бұл жұмыстардың жүргізілуінің Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға, отбасы мен МДҰ-ның тығыз ынтымақтастығының маңызы зор деді.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Алдыңғы өткен педагогикалық кеңестің шешімдерін орындалуы жақсы деп қабылдансын
2. Медбикенің жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысы бойынша есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. 2024- 2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары мен жылдық міндеттері бекітілсін.
 - а) Мектепке дейінгі ұйымды дамытудың негізгі басымдықтары жүзеге асырылсын
 - б) «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруды ұйымдастыру үшін жоспар құрылып, бекітілсін.
 - в) Балалардың кешенді қауіпсіздігі туралы іс – шаралар жоспары бекітілсін.
4. Бейімделген даму бағдарламалары, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, күн тәртібі, педагогтердің перспективалық жоспарлары, 2024-2025 оқу жылына педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру жоспарлары, жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасы меңгеруші Тургунбекова Акмарал Есіркепқызы, хатшылыққа әдіскер Куралбаева Дильбара Усерқызы болып бекітілсін.
5. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары және балабақша жанынан «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» құрылып, мүшелері бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

А.Е.Тургунбекова

Хатшы:

Д.У.Куралбаева



Педагогикалық кеңестің хаттамалары №2 хаттама

Өткізілген орны: "Алина" бөбекжай – бақшасы»

Өткізілген күні: 28.11. 2024 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 12 адам

Қатысқаны: 12 адам

Қатыспағандар саны: жоқ

Қатысқандар: Бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Е.Тургунбекова, әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруа меңгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері.

Педкеңестің басталуы: 13.10.

Жұмыстың аяқталуы: 14.30.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1.Өткен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп
2.«Денсаулық» бұрышының жабдықталуы және таңертеңгілік жаттығулар кешенінің, ұйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы.

Байқаудың қорытындысы

3. Баяндама: «Баланың денсаулығын нығайту» тәрбиешілерге кеңес

4.Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің тақырыптық тексеру қорытындысы

Жалпы уақыт: 1 сағатта кеңес отырысын аяқтау

Сөйледі: Педагогикалық кеңесті бөбекжай меңгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркепқызы ашып,күн тәртібіндегі қаралатын мәселермен таныстырды.

№1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы сөйледі.2024-2025оқу жылдарының жылдық жұмыс жоспары,топ бойынша перспективалық жоспарлары,апталық циклограммалары, ұйымдастырылған іс-әрекет кестелері бекітіліп,жүргізіліп жатқанын айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Куралбаева Дильбара Усерқызы сөйлеп, «Денсаулық» бұрышының жабдықталуы тақырыбында бақылаудың нәтижесі туралы және таңертеңгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар,ұйқыашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы туралы сөйледі. Ортаңғы «Ботақан»,ортаңғы «Нұрмерей»,ересек «Ханшатыр»,мектепалды даярлық «Бәйтерек» топтарындағы денсаулық бұрышының жабдықталуы тексерілді.Барлық топта денсаулық бұрышы бар, обручтар, кеглилер, кедергілер,арқан,секіргіштер,доптар т.б. құралдар бар, дегенмен тағыда күнделікті күн сайын,ұйымдастырылған іс-әрекетте өтіп жатқан спорттық ойын-сауықтарға қосымша спорттық құралдар қажет,әр топқа секіргіштер,ойын туннел палаткалары ,гимнастикалық орындықтар қажет

екенін айтты. Таңертенгілік жаттығулар барлық топтарда кестедегі күн тәртібі бойынша музыка әуенімен, музыка жетекшісімен бірлесе жасалынып жатыр деп сөзін аяқтады

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі қаралатын үшінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша медбикесі Абилдаева Қымбат «Баланың денсаулығын нығайту» тақырыбында тәрбиешілерге баяндама оқыды.

Кез келген мектепке дейінгі мекеменің басты міндеттерінің бірі-балалардың денсаулығын нығайтып, өмірін қорғау болып табылады. Қазақ халқы қай уақытта болмасын ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Сондықтан тәрбие мәселесіне көп көңіл бөліп, ұрпағымыздың денсаулығы мен амандығын тілеген.

Денсаулықтың негізгі шарты- мәдени орта, салауатты өмір салты.

Бала 2-3 жастан бастап балабақшаға барады. Балалар бақшада күн ұзақ болып, көптеген уақытын балабақшада өткізеді. Тәрбие мен білім алады, өседі-өнеді, денсаулығын нығайтады.

Білім ұйымдарында аурулардың алдын алу ,денсаулықты нығайту, дене тәрбиесін жетілдіру, тәрбиеленушілердің салауатты өмір салтына жағдай жасау бойынша қажетті іс-шаралар жүргізіледі.

Жас ұрпақты жан – жақты дамыған, ой - өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені болашақ азаматтың денсаулығы мықты, мүсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де қайратты болып өсуіне, көпшілдік дағдыларын бойына терең сіңіруіне нақ осы мектепке дейінгі кезеңде тереңірек көңіл бөлінсе, дұрыс негіз қаланады. Сондықтан да бүлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу – балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндетінің бірі -деп баяндамасын аяқтады.

Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер Дильбара Куралбаева сөйлеп, «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекетінің барысы туралы тақырыптық тексеру қорытындысы туралы сөйледі. «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына » сәйкес ортаңғы (3-жастан), ересек (4-жастан), Мектепалды даярлық (5- жастан бастап) топтарында жас ерекшеліктеріне сай жоспарланып өтілуде. Күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысын бақылау кезінде кемшіліктері айтылып, кемшіліктер дер кезінде жойылып, талапқа сай өткізіліп жатыр.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімі «жақсы» деп бағалансын.
2. «Денсаулық» бұрышының жабдықталуы және таңертеңгілік жаттығулар кешенінің, ұйқышар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы жалғастырылсын.
3. «Баланың денсаулығын нығайту» атты баяндама айтылған кеңес тәрбиелік шараларда қолданылсын.
4. Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің тақырыптық тексеру қорытындысы «жақсы» деп бағалансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

 **А.Е.Тургунбекова**

Хатшы:

 **Д.У.Куралбаева**



**Педагогикалық кеңестің хаттамалары
№3 хаттама**

Өткізілген орны: "Алина" бөбекжай – бақшасы»

Өткізілген күні: 28.01.2025 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 12 адам

Қатысқаны: 12 адам

Қатыспағандар саны: жоқ

Қатысқандар: Бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Е.Тургунбекова, әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруа меңгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері.

Педкеңестің басталуы: 13.10.

Жұмыстың аяқталуы: 14.30.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. № 1-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зияткерлік қызметін жетілдіру үшін жағдай жасау» баяндама
3. «Педагог жәрмеңкесі» жұмыс тәжірибесінің өз-өзін таныстыру
А.Баимбетованың «Дидактикалық ойындар арқылы балалардың тілін дамыту»
Әдістемелік құрал материалын талқылау (біліктілік санатын жоғарылатуға
үміткер педагогтер).
5. Жол-көлік жарақаттарының профилактикалық жұмыс жоспарын қарастыру
және қабылдау.
6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы

Тыңдалды: Педкеңесті бөбекжай-бақша меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есіркепқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: Бөбекжай-бақша әдіскері Куралбаева Дильбара Усерқызы күн тәртібіндегі бірінші мәселе өткен педкеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат беріп, шешімдері орындалғанын айтты.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша тәрбиешісі Баимбетова Алтынай Сеиткуловна сөйлеп «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зияткерлік қызметін жетілдіру үшін жағдай жасау» тақырыбында баяндама оқыды.

Бала туылғаннан бастап оны қоршаған әлемді ашушы, зерттеуші болып табылады. Ол үшін бәрі бірінші рет: күн мен қар, қуаныш пен қорқыныш. Мектепке дейінгі жас – бұл қиялшылардың уақыты, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту кезеңі, сарқылмас мәселелер, ойын идеяларының әртүрлілігі, қиялдың толқуы. Балалардың танымдық белсенділігі өте жоғары: ересек адамның әр жауабы жаңа сұрақтар туғызады. Демек, осы жаста балалардың қоршаған әлемге және олардың қызметіне шығармашылық көзқарасын қалыптастыру өте маңызды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық даму қарқыны өте қарқынды және динамикалық.

Баланың танымдық және зияткерлік дағдысы жаңа сапалық сипаттамаларға ие болады. Балалар заттар мен құбылыстардың сыртқы қасиеттерін ғана емес, сонымен бірге олардың ішкі қасиеттерін, байланыстары мен қатынастарын да біледі. Олар жалпылаудың, жүйелеудің және жіктеудің қарапайым әдістерін меңгереді. Сондықтан жалпы интеллектуалды қабілеттердің дамуына баса назар аудару керек.

Мектеп жасына дейінгі бала – бәрін білгісі келетін, бәрін түсінгісі келетін, бәрін түсінгісі келетін шаршамайтын зерттеуші. Оның айналасындағыларға деген ерекше, ерекше көзқарасы бар. Ол айналада болып жатқан оқиғаларға қуанышпен және танданыспен қарайды және көптеген қызықты заттар мен заттар, оқиғалар мен құбылыстар, көптеген құпия және белгісіз керемет әлемді ашады-дей келе өзінің мақсат міндеттерімен бөлісті.

Біздің міндетіміз – балалардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін қолдау және ынталандыру, шындықтың әртүрлі салаларына қызығушылықты ояту, білім қажеттілігін қанағаттандыру- деп баяндамасын аяқтады.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есіркепқызы сөйлеп, «Педагог жәрмеңкесі» жұмыс тәжірибесінің өз-өзін таныстыруы біліктілік санатын жоғарылатуға үміткер педагог Баимбетова Алтынайдың «Дидактикалық ойындар арқылы балалардың тілін дамыту» атты әдістемелік құрал материалын талқылау қажет екені туралы айтты.

Сөйледі: тәрбиеші Баимбетова Алтынай сөйлеп, біліктілік санатын жоғарылатуға қандай дайындықтар жүргізіп жатқанын яғни, байқауларға қатысып, әдістемелік журналдарға мақала жариялап, өз іс – тәжірибесін бөлісіп, арттырып жүргені туралы айта келе, өзінің «Дидактикалық ойындар арқылы балалардың тілін дамыту» атты әдістемелік құрал материалымен бөлісті.

Бұл әдістемелік құрал балалардың тілдік дамуын қолдау мақсатында дидактикалық ойындарды пайдаланудың тиімді әдістерін ұсынады. Оқу барысында балалардың сөздік қорын кеңейту, сөйлеу қабілетін дамыту, дұрыс дыбыстау, грамматикалық құрылымдарды меңгеру және коммуникациялық дағдыларды қалыптастыру міндеттері қойылады.

Құрал мектепке дейінгі және бастауыш сынып мұғалімдеріне, сондай-ақ ата-аналарға арналған. Ол тілдік дамудың теориялық негіздерін, дидактикалық ойындардың түрлерін және оларды ұйымдастыру әдістерін қамтиды. Практикалық мысалдар мен тапсырмалар арқылы педагогтер балалардың тілдік қабілеттерін тиімді дамытуға мүмкіндік алады.

Бұл әдістемелік құрал балалардың тілдік дамуына көмектесуге, олардың сөйлеу мәдениетін арттыруға және оқуға деген қызығушылығын оятуға бағытталған.

Өзектілігі: Балалардың тілін дамыту - олардың интеллектуалдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуы үшін маңызды. Дидактикалық ойындар - бұл балалардың тілдік дағдыларын дамытуға арналған тиімді құрал, өйткені олар ойын арқылы үйрену принципіне негізделген. Ойындар балалардың қызығушылығын арттырып, тілдік материалды меңгеруге көмектеседі. Сонымен қатар, дидактикалық ойындар балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін және логикалық ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Мақсаты: Дидактикалық ойындар арқылы балалардың тілін дамыту әдістемелік құралдың негізгі мақсаты - балалардың тілдік дағдыларын (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу) тиімді дамыту, оларды шығармашылыққа, өз ойын жеткізуге және әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауға ынталандыру.

Міндеттері

1. **Тілдік дағдыларды дамыту:** Балалардың сөздік қорын, сөйлеу мәнерін, грамматикалық құрылымдарды меңгеруін қамтамасыз ету.
2. **Коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру:** Балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту, пікір алмасу, сұрақ қою және жауап беру қабілеттерін арттыру.
3. **Шығармашылықты ынталандыру:** Балалардың шығармашылық ойлауын, қиялын дамыту, өз идеяларын жеткізуге мүмкіндік беру.
4. **Топтық жұмыс дағдыларын қалыптастыру:** Балаларды командада жұмыс істеуге, бір-бірімен ынтымақтастық жасауға үйрету.
5. **Ойын әрекеті арқылы білімді бекіту:** Дидактикалық ойындар арқылы балалардың алған білімдерін тәжірибеде қолдану, есте сақтау қабілетін арттыру.

Дидактикалық ойындар арқылы балалардың тілін дамыту әдістемелік құралы балалардың тілдік дағдыларын жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және әлеуметтік қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру үшін маңызды. Ойынның қызықты әрі тиімді формасы балалардың білім алу процесін жеңілдетеді және оларды белсенді қатысуға ынталандырады, деп сөзін аяқтады.

Жарыссөзге шыққандар: әдіскер Куралбаева Дильбара сөйлеп, тәрбиеші Баимбетова Алтынайдың «Дидактикалық ойындар арқылы балалардың тілін дамыту» әдістемелік құралдың негізгі мақсаты - балалардың тілдік дағдыларын тиімді дамыту, оларды шығармашылыққа, өз ойын жеткізуге және әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауға ынталандыру болып табылады екен.

Бұл әдістемелік құрал балалардың тілдік дамуына көмектесіп қана қоймай, олардың сөйлеу мәдениетін арттыруға және оқуға деген қызығушылығын оятуға бағытталған. Тәрбиешінің «Дидактикалық ойындар арқылы балалардың тілін дамыту» атты әдістемелік құрал материалында қойған міндеті, мақсаты мен өзектілігіне өте жақсы баға беремін.

Балабақшамызда тәрбиеші Баимбетова Алтынайдың ұсынып отырған әдістемелік құралы таратылып, пайдалануға ұсыныс жасар едім.

Ұсынысты педагогтар бірауыздан қолдап, тәрбиешінің материалы бізге таратылып, күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетте, балалармен жұмыс жасауда қолдансақ деді.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер Куралбаева Дильбара «Жол-көлік жарақаттарының профилактикалық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау» жұмыстары бойынша сөйледі. Балабақша балаларына жол – көлік ережелерін үйретудің және одан сақтану жолдары туралы түсіндірудің маңызы зор екенін айта келе, жылдық жұмыс жоспарында көрсетілген іс – шара жоспар бойынша, ойын – сауық түрінде немесе ұйымдастырылған іс – әрекет түрінде өткізіліп жүргенін айтып өтті. Сонымен қатар «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрлерінің тақырыптық жоспарындағы жұмыстар да қарастырылған деді.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есіркепқызы сөйлеп, Педагогикалық кеңесте қаралған мәселелер бойынша педагогтардан пікірлерін сұрап, шешімдері туралы ойларын айтуға ұсыныс айтты.

Педкеңес соңында педагог – психолог Куралбаева Дильбара педагогтар арасында жағымды психологиялық жағдай қалыптастыру мақсатында психологиялық тренинг өткізді. Педагогтар арасында психологиялық ойындар жүргізіп, жұмыс істеу қабілеттерінің жоғарылауына көмектесті.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Өткен №1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жақсы деп бағалансын.
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зияткерлік қызметін жетілдіру үшін жағдай жасау» атты баяндамада айтылған кеңестер ұйымдастырылған іс-әрекетте қолданылсын.
3. Педагог А.Баимбетованың «Дидактикалық ойындар арқылы балалардың тілін дамыту» әдістемелік құрал материалы балабақша ішінде таратылсын.
4. Жол-көлік жарақаттарының профилактикалық жұмыс жоспарындағы іс – шаралар орындалып, өз уақытында өткізілсін
5. Педагогикалық кеңестің шешімі қабылданын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшы:



А.Е.Тургунбекова
Д.У.Куралбаева

Педагогикалық кеңестің хаттамалары(ПК)

№4 хаттама

Өткізілген орны: «Алина» бөбекжай-бақшасы»

Өткізілген күні: 28.03.2025 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 11 адам

Қатысқаны: 11 адам

Қатыспағандар саны: жоқ

Қатысқандар: Бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Е.Тургунбекова, әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруа меңгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері.

Педкеңестің басталуы: 13.20.

Жұмыстың аяқталуы: 14.30.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1.Өткен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп
- 2.Тақырыптық бақылаудың нәтижелері: STEM технологиясын баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде енгізудің тиімділігі.
- 3.Оқу - тәрбие жұмыстарының өткізілу барысы туралы
4. . Мемлекеттік аттестаттауға өзін-өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін аттестаттау комиссия мүшелерін құру туралы.

Сөйледі: Педагогикалық кеңесті бөбекжай-бақша меңгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркепқызы ашып,күн тәртібіндегі қаралатын мәселермен таныстырды.

Өткен №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы айтып өтті.

Сөйледі : Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері Куралбаева Дильбара Усерқызы сөйлеп Тақырыптық бақылаудың нәтижелері: STEM технологиясын баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде енгізудің тиімділігі жайлы айтты. Сарапшылардың пікірінше, мектепке дейінгі ұйымда LEGO құрастырудың көмегімен балалар робототехниканың алғашқы дағдыларын меңгере бастаған кезден, яғни STEAM-білім беру мектепке дейінгі ерте жастан басталуы керек.STEM-білім беру жаратылыстану ғылымдары мен инженерлік пәндерді біріктіретін интеграцияланған модельді білдіреді.Bilimkids платформасында STEM-білім беру деген не? Ең алдымен, бұл білім беру процесін жобалар түрінде ұйымдастырудан тұрады, онда балалар тапсырмаларды шешу үшін топтарда жұмыс істейді. STEM-білім берудің өзектілігінің себебі неде?Сарапшылардың пікірінше, STEM тәсілінің бірқатар маңызды артықшылықтары бар. Интегративті тәсіл – пәндер бір-бірінен оқшауланбай, тығыз байланыста зерттелуін білдіреді. STEM технологиясын ұйымдастырылған іс – әрекеттерде қолданудағы тақырыптық бақылау нәтижелері туралы айтты.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Усипова Зәуре сөйлеп, STEM технологиясын өз тәжірибесінде қалай қолданып жүрген әдіс-тәсілдерімен бөлісті.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе оқу - тәрбие жұмыстарының өткізілу барысы туралы бөбекжай-бақша әдіскері Куралбаева Дильбара Усеровна сөйледі. Ұйымдастырылған іс-әрекеттермен мен тәрбиелік іс-шаралардың барысын бақылау туралы айтты. Бақылау педагогикалық қателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің өткізілуін бақылап жүргенін айтты. ұйымдастырылған іс-әрекеттер барлық топта өткізілуде. Егерде тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне дайындығы төмен, көрнекіліктері дайын болмай қалған жағдайлар кездессе, тәрбиешілерге сол уақытта ұсыныс, ескерту айтылады деп, күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің өткізілу барысы туралы айтты.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша бөбекжа-бақша меңгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркепқызы сөйлеп, Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 24- қазан №1632 бұйрығы бойынша 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес өзін-өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясын құру қажет.

Комиссия мүшелеріне бөбекжай-бақша әдіскері Куралбаеваны Дильбара және еңбек өтілдері жоғары тәрбиешілер Шекербекова Сауле, Усипова Зауре, Баимбетова Алтынайды ұсынамын деп сөзін аяқтады. Педагогтар ұсынысты бірауыздан қолдады

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. №3 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы «жақсы» деп бағалансын.
2. Тақырыптық бақылаудың нәтижелері: «STEM технологиясын баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде енгізудің тиімділігі» атты баяндамада айтылған кеңестер ұйымдастырылған іс-әрекетте қолданылсын.
3. Оқу - тәрбие жұмыстарының өткізілу барысы «жақсы» деп бағалансын.
4. Мемлекеттік аттестаттауға өзін-өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін аттестаттау комиссиясының құрамы бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



Хатшы:

А.Е.Тургунбекова

Д.У.Куралбаева